

Key word: Listening, hearing speech, memory, probability prediction, articulation mechanism, understanding, inner speech, response preparation.

МРНТИ 77.01.01

Аралбаев А.С., Мұхитов Қ.С., Мұханбетәли А., Ақсеріков Ғ.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Атырау қ. Қазақстан Республикасы

a.aralbaev61@mail.ru, ocean_5@mail.ru, futboll1970@mail.ru

АТЫРАУДА СУ СПОРТ ТҮРЛЕРІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Аңдатпа

Спорт-денсаулық кепілі болып табылады. Сол себепті елімізде спорттың дамуына ерекше көңіл бөліп отыр. Өткен ғасырымыздың екінші жартысында кеңінен етек алған Атырау спорты жарты ғасыр ішінде көптеген жетістікке жетті. Мыңдаған жастарымыз сүйіп айналысып, жүздеген спортшымыз жеңімпаз болды. Осындай спорттың бір түрі су спорты болып табылады. Еліміздің мерейін көтерген су спорт түрлерінің даму тарихы осы мақалада баяндалады.

Негізгі сөздер: Каспий теңіз флотилиясы, Жайық өзені, теңізшілер даярлайтын мектеп, су спорт түрлері, каноэ, қыл қайық, шлюпка.

Су спорт түрлері адамның денсаулығы үшін өте қажетті спорт болып табылады. Соның ішінде Атырау тұрғындары үшін бұл спорт түрінің маңызы өте жоғары. Себебі Атырау қаласы теңіз жағасында орналасқан қала. Бұл өңірдің жері тұзды келеді. Сондықтан тырысқақ, оба ауруларының қаупі жоғары. Тарихымыздан білеміз, 1913 жылы осы өңірде оба ауруы етек алып, көптеген адамдардың өмірін қиған болатын. Бұл эпидемияны жойған қазақтың данышпан ұлы, өзіміздің жерлесіміз Халел Досмұхамедов еді. Дегенмен тыныс орындарына көп пайда келтіретін осы спортты біздің өңірде дамыту ісі маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Су спорт түрлерін дамыту арқылы тұрғындарды түрлі аурулардан аман-сақтап қалар едік.

Атырауда су спорт түрлерінің өзіндік тарихы бар. Бұл спорт түрінің дамуы басқа спорт түрлеріне қарағанда кеш басталса да республикалық, одақтық деңгейде нәтиже көрсетті. Бұл мақаламызда өңіріміздегі осы спорт түрінің даму тарихы айтылады.

Адам баласы судан балық аулау үшін ерте бастан қайық жасап үйренді. Александр Македонский мен Юлий Цезарь судан өту үшін жеңіл қайықтарды пайдаланған екен [1].

Қайық туралы алғашқы жазба мәліметті француз саяхатшысы Жак Картье 1523 жылы жазып кеткен екен. Оның айтуынша жергілікті үндіс тайпалары 10 адам көтере алатын ұзындығы 6,5-7,5 метр болатын қайыққа мініп жүргенін жазады [2].

Ағылшынның «сапое» деген сөзі кариб теңізі жағалауын мекендеген халықтардан алынған екен. Еуропада қайық есу ісі XIX ғасырдың алғашқы жартысында пайда болды. 1867 жылы ағылшын каноэ-клубы алғаш рет қайық есуден жарыс ұйымдастырды. Осы кезден бастап теңіз жағалауында тұратын Еуропа халықтары каноэмен суда серуендейтін болды. Ал, 1885 жылы көптеген елдерінде қайық есу клубтары құрылып, түрлі деңгейде жарыстар ұйымдастырыла бастайды.

Ресейде 1860 жылы «Санкт-Петербург өзен яхта клубы» ашылған болатын. Сол клуб қайық есу ісін насихаттай бастайды. Осы жылы алғаш рет жарыс ұйымдастырылады. Ал 1866 жылдан есу спортына әйелдер де қатыса алатын болды. Мұны Ладога көлінің жағасынан табылған қазбалардан көруге болады [3].

1908 жылы Петербург пен Мәскеу клубы Бүкілресейлік қайық есу одағын ұйымдастырады. Оның мүшелері 1923 жылы Гетеборг қаласында өткен Швед ойындарына шақырылады.

Кеңес үкіметі орнаған кезден бастап-ақ қылқайық (байдарка), каноэ, шлюпка және қарапайым қайықтардың клубтары ашыла бастайды. 1928 жылы қайықпен жарысу алғаш рет Бүкілодақтық спартакиада бағдарламасына енеді.

1952 жылы олимпиада ойындарында Н.Савина әйелдер арасында қылқайықпен жарыста қола жүлдегер болады. Ал екі адамдық каноэмен 1000 метр қашықтыққа жарыста каноэ экипажы 4-ші орынға ие болған екен. 1956 жылы КСРО қайық есушілері биресми жарыста бірінші орынға ие болады. И.И.Рогачева, Г.М. Краснопевцова мен Н.Савинаның дайындаған спортшылары 2 алтын, 3 күміс және 2 қола медальдарға ие болды. А.Силаев пен П.Харин екі адамдық каноэда, М.Каалесте мен А.Демтиков екі адамдық қылқайықта Еуропа чемпионы болды.

Қазақстанда су спорт түрлері Ұлы Отан соғысынан кейін дами бастады. 1972 жылы Есу спортымен 12 мың адам айналысқан екен [4].

Атырау қаласында су спорт түрлері 1952 жылы ашылады. Мектептің ашылуына адмирал Лев Владимирский себепкер болды. Лев Владимирский сол кезде КСРО қорғаныс министрлігінің әскери-теңіз флоты бөлімінің басшысы еді. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қара теңіз әскери-теңіз флотының қолбасшысы болған ол өзінің жерлестерінің соғыс жылдарында көрсеткен ерлігін айтып, осы Атырау қаласында теңізде жүзу мектебін ашу туралы ұсыныс жасайды. Адмиралдың ұсынысын қабыл алған Каспий теңіз флотилиясының басшылары 1952 жылы теңізде жүзу мектебін ашады. Сол үшін 1951 жылы Атырауға КСРО Мемлекеттік жаттықтырушылары Ипполит Ипполитович Рогачев пен Петр Родионов келеді. Бұл екі су спортының мамандары Ұлы Отан соғысының батырлары еді. Соғыстың алғашқы

жылынан бастап аяқталғанша НКВД-ның барлау-диверсиялық арнайы әскерінде болып жаумен шайқасқан екен. [5]. КСРО-ға еңбек сіңірген спортшысы Л. Рогачев пен П. Родионов Жайық өзенінің жағасын аралап, болашақ су спорты үшін база таңдайды. Сөйтіп, Жайық өзенінің Самара бетінде орналасқан (қазіргі «Атырау» денешынықтыру-сауықтыру кешенінде) ұн сақтайтын қойманың орнын таңдап алады. Одан соң Жилгородок ықшам ауданына қарасты Жайықтың жағасындағы бір ыңғайлы орынды таңдап алады. Бұл екі орындарға дереу су спорт түріне қажетті мұнаралар салына бастайды.



Жилгородок ықшам ауданындағы су спорт түріне арналған мұнара

Каспий теңізі флотилиясының орталығы Баку қаласында орналасқан болатын. Сондықтан ашылған бұл мектептің қызметкерлеріне жалақыны сол Каспий теңіз флотилиясы төлеп тұрды. Теңізде жүзу мектебіне басшысы етіп, Ұлы Отан соғысының ардагері 1-ші рангалы капитан Ивакинді тағайындайды. Сонымен қатар мектепте дәріс жүргізу үшін Баку қаласынан бірнеше білікті мамандар тартылады. Жас теңізшілер даярлайтын мектепке Атырау облысының басшылығы Жайық өзенінің жағасында тұрған (Қазіргі «Урал» ресторанының жанында тұрған) бір ғимаратты береді. Сонымен қоса Жайықтың жағасында оларға арнайы қайық тұру үшін кең алаң беріліп, Элинг жасақталады. Жас теңізшілер даярлайтын бұл мектепте желкенді кеме, еспелі қайық және қылқайық бөлімдері жұмыс жасайды. Бастапқыда теңізшілер даярлайтын мектепте әуесқойлар ғана дайындалады. Жас теңізшілер қылқайықта, каноэда жүріп үйрене бастайды. Сонымен қоса, жас теңізшілерге теңіз түйінділерін байлауды, жүзуді үйретеді. Көптеген судан құтқарушылар даярлайды. Бес жыл ішінде бұл мектеп 24 су астында жүзи алатын құтқарушы дайындаған екен. Мектептің жанынан кеме құрастыратын үйірме ашып, жас теңізшілерді конструкторлық іске үйрете бастайды. Үйірмені Николай Ефстафьевич Думчев деген маман жүргізеді. Осы үйірменің жас конструкторлары Евгений Карпов «Аврора» крейсерін, Володя Цой «Москва» линиялық кемесін, ал Николай Донсков жолаушылар таситын кемеңіз моделін жасаған екен [6]. Олардың жасаған моделдерін бағалау үшін слёт ұйымдастырып отырады. «Осы мектепті тәмамдаған жас теңізшілер ішінде біреулері кейін техника ғылымдарының кандидаты ғылыми

атағын қорғап алғаны бар», - дейді су спорт түрінің ардагері Евгений Михайлович Ухов.

Кейін теңізшілер даярлайтын бұл мектепке қызмет атқару үшін Ұлы Отан соғысының ардагері В. Миронов келеді. Көп кешікпей оны бапкерлер дайындайтын курске жібереді. Курсын аяқтап келгесін Владимир Евтехивич жергілікті жердің тұрғындарын жаттықтыруға кіріседі. Өкінішке орай Владимир Миронов алпысыншы жылдары қайтыс болды. Дегенмен, осы уақыт ішінде көптеген су спорт түрлерінің саңылақтарын даяралаған екен. Сонымен қоса осы мектепте Алыков, Абдулов, Миронов және Кулыгин деген мамандар қызмет атқарды [7].

Бастапқыда жас теңізшілер бір адамдық қайықта, кейін 4 адамдық, сосын 6 адамдық қайықта жүзіп үйренді. 1954 жылы 300 кг болатын қайықпен 6 адам Форт-Шевченко қаласына дейін жүзіп барды. Бұл елімізде бұрын-соңды болмаған оқиға еді. Ұлы Отан соғысының Жеңісінің онжылдық мерейтойына Атыраудың жас теңізшілері қайықпен Волгоградқа дейін сумен жүзіп барды. Кейін осы дәстүр өзінің жалғасын тауып жыл сайын қайталанып отырды [8].

1953 жылы Атырау қаласында Қазақстанда тұңғыш рет су спорт түрлерінен жарыс өткізіледі. Жарысты ұйымдастырған «Мұнайшы» Ерікті спорт қоғамы («Нефтяник» ДСО) еді. Елімізде өткен бұл жарыста Бас төреші болған республикалық категориядағы төреші В.Е.Миронов болды. Жарыстың хатшысы болған Николай Викторович Потоцкий. Николай Потоцкий альпинизм спортынан КСРО спорт шебері болған адам. Харьков Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тәмамдаған соң Атырауға келіп еңбек етеді. Елуінші жылдары су спорт түрлері бойынша біздің облысымыздағы бүкілодақтық категориядағы жалғыз төреші болды. Оның ұлы Николай Николаевич Потоцкий көп уақыт бойы спорт тақырыбына қалам тартқан журналист. Ұзақ жылдар бойы «Прикаспийская коммуна» газетінде тілші болды.

1956 жылы Ташкент қаласының маңындағы «Қара қамыс» көлінде Орта Азия республикалары мен Қазақстанның су спорт түрлері бойынша зоналық біріншілік өткізілді. Жарыс қорытындысында Тәжікстан бірінші орынға Қазақстан екінші орынға, ал жарыс иелері Өзбекстан үшінші орындарға ие болды [9].

Осы жылы Мәскеу қаласында өткен Бүкілодақтық квалификациялық турнирде Владимир Светачев пен Константин Неулыбин бірінші орынды иеленді [10].

1958 жылы 25 мамырда Атырау қаласында Орта Азия республикалары мен Қазақстанның қылқайық пен каноэ шеберлерінің зоналық біріншілігі өтті. Қазақстан құрама командасының негізгі бөлігі атыраулық спортшылардан тұратын еді. Олардың ішінде Константин Неулыбин, Төлеген Еркінғалиев, Владимир Терентьев, Борис Волков, Юрий Аверьянов, Алик Тырин болды. Сонымен қоса әйелдер арасындағы КСРО құрама командасының мүшелері атыраулық Зинаида Светачева мен Надежда

Епишко, Орта Азия мен Қазақстанның чемпионы Нина Кузеняткина мен Қазақстан чемпионатының жүлдегері Валентина Овчиникова және Светлана Емельяненко болды [11].



Атырау ескекшілері. 1960 жыл.

1959 жылы Мәскеу қаласында КСРО Халықтарының жазғы Спартакиадасы өткен болатын. Бұл Спартакиадаға Қазақстан ескекшілері қатысып, 8 орынға ие болды. Қазақстан құрама командасының қатарында атыраулық Константин Неулыбин 3-орынға, Александр Круглов төртінші орынға ие болды. Сонымен қоса Светлана Емельяненко, Зинаида Светачева, Валентина Буданова, Павел Чаплыгин, Абдулл Еникеев, Аля Харченко ондыққа кірді. Айта кететін жай, осы Спартакиадада атыраулық желаяқ Әмин Тұяқовта жүлдегер болған еді [12].

1960 жылы республика чемпионатында Светачева мен Червяков және Горбунов, Еркінғалиев Қазақстан чемпионы болды [13].

Атырау су спорт түрінің алғашқы саңылақтары сонау елуінші жылдары үлкен нәтиже көрсетіп, талай-талай ірі жарыстарда жеңімпаздар мен жүлдегерлер болды. Солардың бірі Чаплыгин Анатолий Константинович. Ол бірнеше дүркін КСРО-ның чемпионы болған адам. Халықаралық дәрежедегі КСРО спорт шебері. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің физика-математика факультетін аяқтаған соң ұзақ жылдар бойы білім беру саласында қызмет етті. Кейін қалалық халыққа білім беру бөлімінің (ГорОНО) меңгерушісі болды. Облыстық партия комитеті жалпы бөлімінің меңгерушісі және облыстық кәсіподақ кеңесінің хатшысы қызметтерін атқарды.

Атырау су спорт түрлерінің даңқты жетістігі кейінгі жылдарда да қайталанып отырды. Бүгін бұл спорт түрі қаржы тапшылығына орай мемлекеттік қамқорлыққа зәру болып отыр. Салауаттылық өмір салтын насихаттайтын көпшілікті тарта алатын су спорт түрлері өзінің жанкүйерлеріне әлі де талай жеңістерді сыйлай алады. Себебі біздің өңірден осы спорт түрінен көптеген чемпиондар шыққанын білеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жолымбетов Ө. Спорт әлемі. Балаларға арналған спорт анықтамалығы. Алматы. 2010. Бет 472, 195 б.
2. <http://www.seapeace.ru/seafarers/captains/928.html>.
3. Жолымбетов Ө. Спорт әлемі. Балаларға арналған спорт анықтамалығы. Алматы. 2010. Бет 472, 194 б.
4. Жолымбетов Ө. Спорт әлемі. Балаларға арналған спорт анықтамалығы. Алматы. 2010. Бет 472, 197 б.
5. <http://sport-strana.ru/rogachev-ippolit-ippolitovich/>
6. Атырау облыстық мемлектік мұрағатының Атырау қалалық филиалы (АОММ АҚФ) 117 қор (газет қоры), Тізім 1, Н.Сидорук, «В морском клубе», //«Прикаспийская коммуна», 5 шілде 1958 ж.
7. Ивайкин П. «В морском клубе»./«Прикаспийская коммуна». 29 июль 1951 г.
8. АОММ АҚФ 117 қор (газет қоры), Тізім 1, «Открытие водно-спортивного сезона»./«Прикаспийская коммуна», 12 июнь 1956 г.
9. Светачев В. «Всесоюзные зональные соревнования гребцов», //«Прикаспийская коммуна», 12 июнь 1956 г.
10. Потоцкий Н., «Новый успех гребцов Казахстана», //«Прикаспийская коммуна», 31 июль 1956 г.
11. АОММ АҚФ 117 қор (газет қоры), Тізім 1, Н.Албина. «Гребцы тренируются», //«Прикаспийская коммуна», 20 май, 1958 г.
12. Асенов Е. «Гурьевцы на Спартакиаде СССР», 4 сентябрь 1959 г.
13. АОММ АҚФ 117 қор (газет қоры), Тізім 1, А.Аверьянов. «На первенстве республики по гребле», //«Прикаспийская коммуна», 18 август 1960 г.

Аннотация

Спорт-залог здоровья. Поэтому особое внимание уделяется развитию спорта в стране. За полвека спорт в Атырау, получивший широкое распространение во второй половине прошлого века, добился многих успехов. Сотни наших спортсменов стали победителями. Одним из таких видов спорта является водный спорт. В этой статье освещается история развития водных видов спорта, поднявший престиж страны.

Ключевые слова: Каспийская морская флотилия, река Урал, школа по подготовке моряков, водные виды спорта, каноэ, байдарка, шлюпка.

Abstract

Sport is the key to health. Therefore, special attention is paid to the development of sports in the country. For half a century, the sport in Atyrau, which became widespread in the second half of the last century, has achieved many successes. Hundreds of our athletes became winners. One of these sports is water sports. This article highlights the history of the development of water sports, which raised the prestige of the country.

Key words: Caspian sea flotilla, Ural river, school for training sailors, water sports, canoe, kayak, boat.

FTAMP 14.09.23

Туленова Ұ.Т., Физатуллина Б.А.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

tulenova_uldai@mail.ru

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ОТБАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Балабақшадағы тәрбие мен отбасындағы тәрбие бір-бірін толықтырады. Отбасы – қоғамдағы шағын мемлекет. Отбасы тәрбиесі қоғамдағы жағдайлармен тығыз байланысты. Отбасы – ең алғашқы тұлғаны дамытатын әлеуметтік орта. Отбасы мүшелерінің дұрыс қарым-қатынасы баланы адамгершілікке, ізеттілікке, мейірімділікке тәрбиелейді. Отбасы тәрбиесі кешенді педагогикалық мақсатпен ұштасу арқылы іске асады.

Негізгі сөздер: балабақша, отбасы, тәрбие, қарым-қатынас, ата-ана, қоғам, туыстық қатынас, үлгі насихат, ықпал ету.

«Қазіргі заман талабына сай, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен ұлттық психология қалыптасқан, имандылық әдебі парасаты бар ұрпақ тәрбиелеу, өсіру, білім беру бүгінгі таңда отбасының, балабақшаның, барша елдің халықтың міндеті».

Балабақшадағы тәрбие мен отбасындағы тәрбие бір-бірін толықтырады. Отбасы – қоғамдағы шағын мемлекет. Отбасы тәрбиесі қоғамдағы жағдайлармен тығыз байланысты. Отбасы – ең алғашқы тұлғаны дамытатын әлеуметтік орта.

Отбасы мүшелерінің дұрыс қарым-қатынасы баланы адамгершілікке, ізеттілікке, мейірімділікке тәрбиелейді. Ана тілінің тағдыры да осы отбасынан басталады. Бала отбасынан жақсыны да, жаманды да бойына сіңіреді. Сондықтан халқымыз: «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп текке айтпаған [1].

Отбасында басты мәселелердің бірі - баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру. Бұған баланың күн ырғағы, міндеттері, қойылатын талаптар, оның үй еңбегіне қатысуы, оқу- әрекеті бос уақытын ұйымдастыру жатады.

Отбасы, барлық уақытта да, өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешуде үлкен мүмкіндіктерге ие болған. Қазіргі заманғы